

*Г. М. Мамытова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>2-курс магистранты, Абай атындағы Қазақ ҰПУ,  
Алматы қаласы, Қазақстан, e-mail: [gulnaz-mamytova@mail.ru](mailto:gulnaz-mamytova@mail.ru)*

## ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ КӨШБАСШЫСЫ.

### *Аңдатпа*

Мақалада қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасуы мен дамуының кейбір тұстары қарастырылды.

«Қазақ» газетінің тарихи дерек ретіндегі қызметі айқындалып, тарихтағы орны көрсетілді. Қазақ баспасөзінің тарихы ХІХ ғ. көшбасшысы болған – «Қазақ» газетіндегі көтерілген оқу ағарту мәселелеріне арналған. Қараңғылықтың алдын- алып, сауаттандыру үдерісіне ерен еңбек сіңірген басылым мен оның авторлары туралы сөз қозғалады. Қазақ даласында заман талабына сай мектеп- медреселер салу қажеттілігі негізделді. Сонымен қатар өскелең ұрпаққа білімді игерумен қатар тәрбиеге көп көңіл бөлінгендігі аңғарылады. «Қазақ» газетінің негізін қалаушы әрі алғашқы редакторы болған Ахмет Байтұрсынұлының оқу-ағарту саласы бойынша жарық көрген мақалаларына тоқталып, ағартушының рөлі ашып көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** «Қазақ» газеті, оқу, ағартушылық, мектеп, медресе, Ахмет Байтұрсынұлы, сауаттылық.

*Mamytova G.M.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Master's Degree Student 2nd course Abai Kazakh National Pedagogical University,  
e-mail: [gulnaz-mamytova@mail.ru](mailto:gulnaz-mamytova@mail.ru)*

## THE LEADER OF THE KAZAKH PRESS

### *Abstract*

The article considers some aspects of the formation and development of the Kazakh periodical press.

The activity of the newspaper «Kazak» as a historical source was defined, its role in history was reflected. The history of the Kazakh press is devoted to the problems of education raised in the newspaper «Kazak» - the leader of the XIX century. We are talking about the publication and its authors, who made a huge contribution to the process of rationalization and prevention of darkness. In the Kazakh steppe, it is necessary to build a school-madrasah in accordance with modern requirements. It is also noted that the younger generation, along with the assimilation of knowledge, pays great attention to education. In his speech, he focused on the articles of Akhmet Baitursynov, who was the founder and first editor of the newspaper «Kazak», reveals the role of the educator.

**Keywords:** newspaper «Kazak», reading, education, school, madrasah, Akhmet Baitursynov, literacy.

*Мамытова Г.М.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Магистрантка 2 курса, Казахский педагогический университет им. Абая,  
Республика Казахстан, г. Алматы, e-mail: [gulnaz-mamytova@mail.ru](mailto:gulnaz-mamytova@mail.ru)*

## ЛИДЕР КАЗАХСКОЙ ПРЕССЫ

### *Аннотация*

В статье рассмотрены некоторые моменты становления и развития казахской периодической печати. Была определена деятельность газеты «Қазақ» как исторического источника, отражена его роль в истории. История казахской печати посвящена проблемам просвещения, поднятым в газете «Қазақ» – лидером ХІХ в. Речь идет о издании и его авторах, внесших огромный вклад в процесс рационализации и предупреждения темноты. В казахской степи обусловлена необходимость

строительства школы - медресе в соответствии с современными требованиями. Также отмечается, что подрастающему поколению наряду с усвоением знаний уделяется большое внимание воспитанию. В своем выступлении он остановился на статьях Ахмета Байтурсынова, который был основателем и первым редактором газеты «Қазақ», раскрывает роль просветителя

**Ключевые слова:** газета «Қазақ», чтение, просвещение, школа, медресе, Ахмет Байтурсынов, грамотность.

Қазақ баспасөзі – ХІХ ғасырдың екінші жартысында пайда болып, ХХ ғасырда қазақ баспасөзі-нің тарихы қоғам өмірінің ажырамас бір бөлігіне айналды. Қазақ баспасөзі – ұлтымыздың ұлы тұлға-ларының арманы, өзге жұрттармен қазақ баласының терезесін теңестіруге ұмтылды. Алаш ардақты-лары халықтың рухани бостандығын, сана сілкінісін баспасөз арқылы оятатынына сенді [1, 71 б].

Баспасөздің маңыздылығы: жаңалықтарды, тың ақпараттарды халыққа жедел және шынайы әрі нақты жеткізуші басты құрал, күнделікті болып жатқан оқиғаларды қарапайым халықты хабардар етіп, оқырманның оқиғаға деген сезімін оятып, қалыптастырады, оқырманды сол оқиғаға байланысты қимыл-әрекетке шақырады, көпшіліктің көзқарасын қалыптастырады, оқырманның тіл мәдениетін, сауаттылығын қалаптастыруда басты рөл атқарады. Баспасөз құралдарының жалпы адамзат тарихында алатын орны маңызды, ол халықтың рухани, мәдени өмірінің айнымас бөлшегі болып табылады. А. Байтұрсынұлы газеттің маңыздылығын былай анықтаған еді: «... Газет – халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетіспекші» [2, 9 б.]. Баспасөз – әлеуметтік мінбер, ол қоғамдық пікір тудыру арқылы елдік мәселелерді күн тәртібіне қояды.

Әр дәуірдің өзіндік ерекшелігі бар. Заман талабы – өмір талабы. Қараңғылықтың шырмауында, ескіліктің, әдет-ғұрпымыздың зиянды жақтарын басынан кешірген халқымыздың тағдыры көңілімізге үлкен ой салды. Осы орайда тұяғымен кең даланы дүбірге бөлеп, талай тұлпарлар өткен, ел бірлігін ойлаған ұлт зиялыларының есімдері тарихымызда алтын әріппен жазылған. «Халқымыздың бай мұрасы, ұмытылмас тарихы бар» – деп, «Қазақ» газеті арқылы мақтаныш еткен. Бүгінгі тақырыбымызға арқау болған «Қазақ» – қоғамдық-саяси және әдеби газеті 1913-1918 жылдар аралығында жаңа өріс алған азаттық күрестің ұйытқысы болды.

Газетте ХХ ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, қазақ шаруашылығының жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу-ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған құнды мақалалар жарияланды. Газеттің қоғамдық орны, қызмет хақында А. Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінің алғашқы санында: «Газет-жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдарды газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып отырады» [2, 9 б.], – деген болатын.

Саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелермен қатар өткен ғасырдың бас кезіндегі қазақ өміріндегі өте күрделі мәселелердің бірі – оқу-ағарту ісі болды. Оқу-ағарту мәселесіне «Қазақ» газеті көп көңіл бөліп, қазақ даласында жаңадан мектеп-медреселер салудың қажеттілігі осы істің барысы туралы хабарларды кеңінен жариялап отырды. Сондай-ақ, қазақ тілінде шыққан кітаптардың бағыт-бағдары мен алатын орны жөнінде қысқаша сын мақалалар өте көп жарияланып отырды.

Қазақ даласында заман талабына сай жалпы білім беретін негізінен орыс-қазақ мектептері болды. Мұндай алғашқы бастауыш орыс-қазақ мектебі 1841 жылы Жәңгір хан ордасында ашылды. Мектеп негізінен орталық аппараттың төменгі орындарына писарлар мен тілмаштар даярлау мақсатын ұстанды. Бірте-бірте мектеп ашу ісі белең ала бастады. Бірақ бұл негізінен Ресей империясы саясатының ықпалын күшейте түсуге бағытталған оқу жүйесі болатын. Бұл жерде орыс-қазақ мектептерінің басты көздеген мақсаты жалпы қазақ балаларының ой-санасын, таным-түйсігін жетілдіруге, оларды білімділік пен біліктілікке ұмтылдыру емес, өз кеңселеріне қажетті төменгі дәрежелі қызметкерлер даярлау және ел арасында солардың тәлім-тәртібі арқылы орыстандыру саясатының нарқын арттыру еді.

ХХ ғасырдың басында ұлт зиялыларының басты арманы – мектеп ашу, оқу құралдарын жазу еді. Сәйкесінше, «Қазақ» газетінің де маңызды қызметі ағартушылық мәселесіне бағытталды. Өнер-білім жағынан қалың қазаққа бас-көз болды. Мысалы: «Оқу жайы», «Қазақша оқу жайы» атты мақалаларда оқудың мән-жайы мен маңызы, білімнің қажеттігі негізделіп, азаттық

жолындағы мәні ашылған. Жаны ашыған көкірегі ояу «Қазақтың шаруасына бір жақтан надандықтан кемшілік келгенде, екінші жақтан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдігінен теңдігіне қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат істеп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қол жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгіл өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында шаншылмас едік, біз де өз алдымызда бір жұрт екенімізді білдірер едік», – десе, кейбіреулері «орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, қазақша оқы, жаза білген соң, шама келсе орысша да білу керек», – деді.

«Қазақ» газетінде 1913 жылы жарияланған 40-қа жуық мақалада оқу-ағарту мәселесі көтеріліп, оқудың мән-жайы мен маңызы халыққа түсіндірілді. Ішкі хабарлар айдарымен әр облыстағы мектеп-медреселер ашу мәселесіне қатысты мақалалар көптеп жарияланып тұрды. «Медреселерден қазақ балалары қандай білім алып шығады және ел-жұртына тигізер пайдасы қандай?» деген сұрақтарға шешім іздеді. Мысалы «Қазақ» газетінің 1913 жылы 2 ақпанда жарияланған Ахмет Жанталиннің «Медреседен оқып шыққан шәкірттерде не болашақ?» атты мақаласында қазақ балаларына оқуға, білуге не керек екендігі туралы ой қозғалды. Мақалаларда көтерілген мәселелердің басым көпшілігінде оқыту үшін не керек, мектеп, оқулық, оқу құралы, мұғалімнің рөлі, мектеп бағдарламасы және т.б. мәселелер күн тәртібінде алға шықты. Жоғарыда айтып өткендей, газет 1913 жылы жарияланған материалдарында оқудың мән жайын, маңызын айтып, көпке түсіндіруге тырысса, 1914 жылы «Бастауыш мектеп» (№61), «Мектеп керектері» (№62), «Оқу мезгілі» сияқты мақалаларда мектеп, медресе жайларын нақты көрсетіп, мұқтаждарын айтады. Аталмыш басылымның 1915 жылғы топтамасында білім мәселесіне тоқталған 25 мақала жарияланған. Газет бетінде жарияланған мақалаларды тек қана қаламгерлер мен ұлт зиялылары ғана емес, сонымен қатар медреселерде білім алып жатқан шәкірттер де жариялап отырған.

Бұдан біздер, әсіресе, XX ғасырдың басында шыға бастаған бейресми ұлттық басылымдарда оқу-тәрбие мәселелерінің бірте-бірте алдыңғы қатарға шығып, халықтың рухани байлығын бұрынғыдан да байыта түсуге, отарлықтың кесірінен барынан айырылғандардың санасын оятуға барынша күш салғандығын байқаймыз.

«Қазақта» көтерілген мәселелерге қарай газеттің қоғамдағы рөлі де арта түсті. Сондай-ақ, қазақ газетінде көтерілген оқу-ағарту мәселесі бойынша сын мақалалар өте көп жазылды. Қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, М. Дулатұлының «Қазақ тарихы», Х.Досмұхамедовтың «Тамыр дәрі қақында» және тағы да басқа көптеген авторлардың ұлттық әдет-ғұрып, оқу-тәрбие мәселелеріне арналған мақала, очерк, әңгімелері жарияланған [2, 136 б.].

Қазақ даласындағы мектептердің жай-күйін, бала оқытудың амал-жолдарын газет-журнал беттерінде нақтылы сөз еткен, ағартушы, ғалым, жоғарыда атап өткендей газеттің бас редакторы – А. Байтұрсынұлы еді. Ол тек ағартушылыққа байланысты білдірген ойлары мен істеген істері тек оқуға шақырумен шектелмейді, ол сонымен қатар қазан революциясына дейінгі хал-жағдайды да жақсы көрсетеді. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 21 сәуір күнгі нөмірінде «Оқу жайы» деген бас мақала жарияланады. Мұны жазған – А. Байтұрсынұлы еді. Бұл арада бір ескере кететін жайт, «Қазақ» газетінің бас мақаласының көбісін А. Байтұрсынұлы жазып отырған, бірақ әрине, қол қойылмаған, тек өзгелермен бірігіп жазған кейбіреулеріне ғана авторлардың аты-жөні немесе бүркеншік аттары қойылған. Бұл мақалада оқу-білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді: «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, ал сол шикізаттан жасалған өнімді екі-үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл – надандықтан келген кемшілік», [2, 109 б.] – дейді. «Надандық» деп отырғаны, әрине, қазақ халқының білім-ғылымнан қалыс келе жатқандығы. Бұл қалыс қалуға үлкен себеп – қазақ жерінде мектептер аз дейді. Мысалы, Торғай уезінде 1912 жылдың 1 қаңтарында 570.109 қазақ тұрған болса, қазақ балалары оқитын мектептің саны 132; Қостанай уезінде 1909 жылы 112.657 қазақтан қазақша оқыған еркектер саны 6065, әйелдер саны 379, орысша оқып хат танығандар еркектен 690, әйелден 29 (барлығы 7163) деп санақ мәліметтерін келтіре отырып, тұрғындар санына шаққанда, мектептер саны тым аз екендігін жазады. Сонымен қатар, «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді. Тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу бағдарламасы, оқу құралдары, тіпті оқу тәртібі, салған мектептер мұғалімдерге арналған айлық, оқытудың қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті ететін жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін оқу орындары (педучилище) жоқ» [2, 110 б.], – делінген. Мұның үстіне қазақша және орысша, яғни, екі тілде білім алу жүйесін ерекше қолдап, жалпақ жұрттың қолы

орысша оқуға түгел жетсін, оқымаған жан қалмасын» деп дәл қазіргі күндегі тәуелсіздік шарттары алға міндет етіп қойып отырған терең білім беру принциптерімен үндес тұжырым жасайды. Оның үстіне сол мектептерде бала оқытатын мамандардың да өте тапшы екендігін ашып айтты. Оның тапшы болу себептерінің бірі – оқытушылар даярланатын оқу орындарына, мысалы, Орынбордағы «Учительская школаға» қазына есебінен 7-8 орын ғана берілетіндігін ашық жазды. Оның жартысы қазақ балаларына, жартысы орыс балаларына бөлінетіндігін айта келіп, оқуға түскісі келген қалған балалар өз қаражатымен оқуға мәжбүр болатындығын жазады. Қаражаты бар, ауқатты қазақтар баласын ақша жұмсап оқытуға ынталы болғандықтан, кедейлердің шамасы келмегендіктен, сол мектепке жылына оқуға түсуге 50-60 бала келсе, солардың тек 4-5-уі ғана түсетіндігін баяндайды. Қазақ халқы қараңғы дегенде кінә халықта емес, сол қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе?», [2,259 б.]– деп образды тілмен білдіреді.

Балаларға білім берудің бірінші басқышы – бастауыш мектеп. Сондықтан А. Байтұрсынұлы осы білім көзінің алғашқы сатысына қатты назар аударады. «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 9 мамырдағы нөмірінде «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласын жариялайды. Мұнда автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керек деген мәселе көтеріп, сол кездегі қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жай-жағдайы маз емес екендігін, оларда бағдарлама, оқу құралдары, тіпті оқу тәртібі (мектеп режимі) дегендердің жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін айтады. Қазақ жерінде ашылған бастауыш орыс мектептеріндегі (аулнай, волосной, екі сыныпты мектептердегі) оқыту ісі біршама ілгері болғанмен, оны бітіруші қазақ балалары әрі қарай оқи алмайтындықтан, бұл мектептердің де пайдасы аз екендігін айтады. «Бастауыш мектеп миссионерлік ниеттен (саясаттан) алыс болу керек дей келіп, халық сауатын ана тілінде ашқаны абзал, атап айтқанда, бастауыш мектеп бес жылдық болсын, алғашқы үш жылда балалар ана тілінде, кейінгі екі жылда орысша оқысын», – деген ұсыныс білдіреді. «Оның үстіне ел сирек отырған жерлерде балалар жатып оқитын интернаттар болсын. Бұл бастауыш мектептерде оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаратылыс(тану) пәндері жүргізілсін» [3, 172 б.], – деп, нақты көрсетеді.

«Қазақ» газетінің 1913 жылғы 8 тамыздағы тағы бір нөмірінде жарияланған «Земство» деп аталатын бас мақаласы біздер үшін өте құнды тағы бір мәлімет береді: «Россиядағы халықтың бәрін қосып жіберіп, топтап санағанда, жүз адамнан 20-ақ адам хат білетін болып шығады, біздің қазақ облыстарында жүз кісіден 5-ақ кісі хат біледі» [2, 248 б.], – дейді. Бұл – күні бүгінге дейін қазақ халқының революциядан бұрын 2 %-ы сауатты болған деп келгенімізді жоққа шығарады. Жоғарыда келтірілген Қостанай уезіндегі сандарға қарасақ, 1909 жылдың өзінде сауатты қазақтардың пайызы 8-ден асып түседі, ал А. Байтұрсынұлы шамамен 5% деп келтіріп отыр.

Оқу-ағарту мәселесін А. Байтұрсынұлы жан-жақты сөз етеді. Бірде «Қазақта балаларды оқытатын жосықтар (бағдарламалар) мен кітаптар (оқулықтар) жоқ» дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы мұғалімдік білімі бар мамандар даярлау керектігін жазса, енді бірде «білімнің бас құралы – кітап» [3,181б.], – деп, білім конкурсын жариялау арқылы да оқу-ағарту ісіне ат салысуға болатындығын айтады.

Биыл, ұлы ақын ағартушы, философ Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 39, 40, 41 нөмірлерінде жарияланған «Қазақтың бас ақыны» деген үлкен мақаласы көңіл аударды. Бұл – ұлы Абайдың шығармашылығы туралы арнайы жазылған алғашқы еңбектердің бірі болып саналады. Бұл мақалада: «Қазақтың бас ақыны – Абай. Одан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ», – деп, Абайды аса зор бағалаған. Автор әрі қарай ақынның өмірбаянынан қысқаша мәлімет бере келіп, оның орыс әдебиетінен алған танымы мен тәлімін, поэтикасын сөз етеді. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деп басталатын өлеңінің мәтінін тұтас келтіріп; ақынның поэзияға, сөз өнеріне деген көзқарасын, талғамын танытады. Мақаласын: «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек. Абайды қолымыздан келгенше кәдірлі жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз» [2, 404 б.], – деп аяқтайды.

Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық сана-сезімді ояту, қазақ халқының өз алдына дербес ел болуы, оқу-ағарту, білім беру мәселесін 5 жыл бойы арқау етіп жазған мақалалары жарияланып отырды. А. Байтұрсынұлы алдымен мұғалім мамандарын даярлау қажеттігін негіздеп, оның екі жолын ашып көрсетті. Бірі қысқа курстар арқылы ауыл мұғалімдерін дайындау, екіншісі педагогикалық арнаулы оқу орындарын ашып, ондағы оқу жүйесін күшейту болды. Сондай-ақ сауатты қазақ азаматтарын ағарту жұмысына тартып, қазақ тілінде оқулықтар құрастыру керектігін айтты. Ағартушы, қаламгер – оқу-ағарту, оқулықтар жасау, әліппе, емле, грамматика,

жер иегері, кәсіп істеу, халықаралық қатынастар, тарих, қоғамдық күрестер, мәдениет, әдебиет, эстетика проблемаларын тереңнен қозғап, өз кезіндегі қоғамдық-әлеуметтік ойға мұрындық, ұйытқы болған пікірлер айтып, тұжырымдар жасаған. «Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесепаты», – дей келе, ел мен елді, ұлт пен ұлтты теңгеретін ғылым, өнер екенін айтып, оқуға, ағартушылыққа ден қояды.

Қорыта айтқанда қазақ ағартушылығының мазмұндық және хронологиялық тұрғыдан өз ерекшелігі бар. «Қазақ» газетінің бұған қосқан үлесі де зор. Бүгінде газет бетінде жарық көрген мақалалар ғылыми айналымға кеңінен енуде. Қазақ ағартушылығы ескі феодалдық тәртіп пен қоғамдық қатынастарға, діни фанатизмге қарсы бағытталуымен бірге, ресейлік отарлық езгіден құтылуға, заман сұранысына лайық білім мен ғылымды игеруге үндеді. Демек «Қазақ» газетінің бетінде көрініс тапқан қазақ қоғамындағы ағартушылық мәселелерін жаңаша пайымдау бүгінгі күні күн тәртібінде тұрған білім-ғылым мәселелерін шешуге көмектесері сөзсіз. Қазақ баспасөзінің мәңгілік көшбасшысы – «Қазақ» газеті болып қала бермек.

*Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:*

1. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). Ғылыми монография. – Алматы: Қазақ университеті, – 2000. – 358 б.

2. «Қазақ» газеті 1913 жыл / Репрессияға ұшыраған қазақ зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» қоры; құраст.: С. Смағұлова, Ф. Әнес, Т. Замзаева. - Астана: Арыс, – 2009. – 480 б.

3. «Қазақ» газеті 1914 жыл / Репрессияға ұшыраған қазақ зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» қоры; құраст.: С. Смағұлова, Ф. Әнес, Т. Замзаева. - Астана: Арыс, – 2009. – 504 б.

*List of references and data:*

1. Atabayev K. *Kazakh Press source of the history of Kazakhstan (1870-1918). Scientific monograph.* *Almaty: Kazakh University, 2000. - 358 P.*

2. *newspaper" Kazak "1913 / arys Foundation, which studies the heritage of the repressed Kazakh intelligentsia; Comast. "I Don't Know," She Said. - Astana: Arys, – 2009. - 480 P.*

3. *newspaper" Kazak "1914 / arys Foundation, which studies the heritage of the repressed Kazakh intelligentsia; Comast. "I Don't Know," She Said. - Astana: Arys publ., 2009. - 504 P.*